



Ел дамуының
өлшемі



2-бет

«Қалауын тапса,
қар жанар»



6-бет

Таңғажайып
тағдыр әуені



8-бет

• БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Қаржыгерлерге құрмет

Қазақстан Республикасы қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында облыс әкімі сала мамандарын құттықтады. Салтанатты жиында аймақ басшысы жоғары кәсібилігімен, қызметіне адалдығымен көзге түскен қызметкерлерге төсбелгілер мен Құрмет грамоталарын табыстады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік жиын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтау сөзімен басталды. Өңір басшысы қаржылық сала мемлекет үшін зор маңызға ие екенін атап өтті.

– Қаржы жүйесі – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі тіректерінің бірі. Бюджеттің теңгерімділігі, ресурстарды тиімді басқару, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық бастамалардың жүзеге асырылуы сіздердің кәсібиліктеріңізге, жауапкершіліктеріңізге және есеп-қисаптағы дәлдіктеріңізге тікелей байланысты. Бүгінде Қарағанды облысы тұрақты дамуды көрсетіп отыр. Жана кәсіпорындар ашылу, инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар іске асырылу, өнеркәсіптік және кәсіпкерлік әлеует нығаюда. Әрбір жетістік



артында қаржы саласы мамандарының күнделікті еңбегі, ашықтықты, тұрақтылықты және қаражаттың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін қажырлы жұмысы тұр. Үлкен экономика көптеген жауапты

шешімдерден құралады және әрбір шешімде сіздердің елеулі үлестеріңіз сезіледі. Сіздер өңір экономикасының өсуіне, бизнесті қолдауға және халықтың әлауатын арттыруға сенімді негіз қалыптастырып отырсыздар.

Құрметті әріптестер, өңіріміздің және жалпы республиканың экономикалық әл-ауқатын нығайту жолындағы істеріңіз берекелі болсын! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Адал еңбектеріңіз

үшін алғыс айтамын! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Құттықтаудан кейін саладағы озат қызметкерлерге марапаттар мен Құрмет грамоталарын табыстау рәсімі басталды.

➤ 2-бет

Құрметті
ауыл шаруашылығы, тамақ
және өңдеу өнеркәсібі
қызметкерлері және
сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ауыл шаруашылығы арқашан аймақ экономикасының негізгі тірегі болып келген және болашақта да солай қала бермек. Ауыл еңбеккерлерінің табанды еңбегі, фермерлік шаруашылықтардың дамуы, инновациялардың енгізілуі мен мемлекеттік қолдаудың арқасында өңірдің аграрлық саласы тұрақты әрі сенімді түрде дамып келеді.

Бүгінде егіс алқаптарында өнімділігі жоғары техника жұмыс істейді, шығарылатын өнімнің сапасы артып, жергілікті шаруашылықтарды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашылууда.

Құрметті ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері! Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында еліміздің азықтүлік қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы қамтамасыз етіліп отыр. Сіздердің жауапкершіліктеріңіз бен тәжірибелеріңіз – саланың серпінді дамуының кепілі.

Күнделікті маңдай тер еңбектеріңіз бен мамандыққа адалдығыңыз үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз! Еліңіздің игілігі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• ЕРТЕҢ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТАМАҚ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Дала дәулетінің даңқы

Ауыл – алтын бесік.
Атаулы күн – ел еңсесін ересен еңбегімен көтере білген
дала дәулеткерлерінің мерейлі мерекесі.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Даладан – дүние жүзіне

Алдымен айтпақ ақжолтай ақпарымыз, күні кеше ғана өз кәсібіне өнім әзірлеген фермерлер енді халықаралық нарыққа жол тартты. Өңір аграрийлері ішкі сұранысты толық қамтамасыз етіп қана қоймай, шетелге де өнім жөнелтіп, импортқа тәуелсіз жаңа дәуірге қадам басты. Сала Қарағандыда соңғы жылдары тұрақты өсім көрсетіп келеді. Бір кезде қара топыраққа сеніп, адал еңбегімен күн көрген шаруалар қазір инновациялық тәсілдер мен заманауи технологияның игілігін көруде. Мәселен,



Нұра ауданында жылына 1 100 бас малға арналған заманауи сүт фермасы іске қосылды. Мұнда әр сиырдың сүт беру көрсеткіші цифрлы жүйе арқылы бақыланып, өнім сапасы автоматты түрде өлшенеді. Ал, Бұқар жырау ауданындағы «СаумалБиоТех» зауыты өңірдің ғана емес, елдің мақтанышына айналды. Зауыттың шипалы саумалы бүгінде АҚШ пен Қытайға экспортталып, отандық өнімнің халықаралық нарықта да өз орнын таба алатынын дәлелдеді.

Қазір Осакаров ауданында 6 мың ірі қараға арналған ірі сүт фермасының құрылысы жүріп жатыр. Жалпы, облыста 31 агрожоба қолға алынып, соның 18-і толық іске қосылған. Оған 26,9 миллиард теңге инвестиция тартылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы да ел сенімін ақтап келеді: 2023-2025 жылдары 6 миллиард теңгеге 705 несие беріліп, биылғы жылы қо-

сымша 800 миллион теңге бағытталмақ. Инвестиция көлемі соңғы жылдары екі есеге өсіп, 44 миллиард теңгеге жетсе, азықтүлік өндіруге салынған қаржы 2,6 есеге артқан – 7 миллиард теңге. Фермерлерді қолдау мен нарықтағы бағаны тұрақтандыру мақсатында 2,8 миллиард теңге бөлінді. Ал, қарапайым тұрғындар үшін жаңа мүмкіндік – әлеуметтік павильондар. Мұнда ауыл шаруашылығы өндірушілері өз өнімдерін делдалсыз, тегін сауда орнында тікелей сата алады. Жұрт таза, жергілікті өнімге қол жеткізсе, шаруалар өз еңбегінің нақты бағасын алады. «Әлеуметтік павильондар – халыққа қолжетімді бағадағы табиғи өнім ұсынудың және қала мен ауыл арасындағы байланысты нығайтудың жаңа мәдениеті», – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

➤ 4-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR
арқылы жазылуға
болады

• ҚАЗАҚСТАН СТАТИСТИКАСЫНА – 105 ЖЫЛ

Ел дамуының өлшемі

1920 жылғы 8 қараша Қазақ АКСР-інің статистика қызметі құрылып, ұлттық статистиканың іргетасы қаланған болатын. Содан бері статистика саласы елдің даму жылнамасымен біте қайнасып, экономикалық өсім мен әлеуметтік өзгерістің айқын айнасына айналды. Осы мерекеге орай Қарағандыдағы Аманат партиясының облыстық филиалында салтанатты іс-шара өтті. Оған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, бірқатар сала мамандарына марапат тапсырды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ермағанбет Қабдулаұлы өз сөзінде саланың жетістіктері мен табысы жайында сөз қозғап, өмірін осы салаға арнаған жандардың еңбегін баса айтты.

— Қазіргі заманды статистикалық ақпаратсыз елестету мүмкін емес. Соңғы жылдары заңнамалық база жаңартылып, статистикалық өндіріс толық цифрландырылып, заманауи талаптарға сай модернизацияланды. Қазіргі ақпараттық технологияларды қолданудың арқасында статистика бұрынғыдан да ашық, түсінікті, жедел және пайдаланушыға ыңғайлы бола түсті. 2025 жылы өткен екінші Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын ерекше атап өткен жөн. Санақ барысында Қарағанды облысы мен еліміздің ауыл шаруашылығын бағалауға қажетті өзекті деректер алынды, — деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Қазақстанның стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Сауле Комутова да мерекелік жиында сөз алып, сала мамандарына жылы лебізін білдірді.

— Бүгінде Қазақстан статистикасы заман талабына сай нық қадаммен алға ілгерілеп келеді. Заманауи IT-шешімдердің енгізілуі, интерактивті платформалардың дамуы, ақпаратты жинау мен талдаудың жетілдірілген әдістері статистиканы қоғам үшін қолжетімді әрі ашық

етті. Ал, мемлекет үшін стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешімдер қабылдауға қажетті сапалы әрі сенімді құралға айналдырды. Бұл жұмыстардың барлығы азаматтардың, бизнестің және халықаралық әріптестердің ресми статистикалық ақпаратқа деген сенімін нығайтуға ықпал етуде. Мамандардың қажырлы еңбегі мен кәсібилігі — статистика жүйесін үлкен жетістіктерге жеткізді. Осы саланың ардагерлеріне ерекше алғыс білдіреміз, — деді Сауле Амантайқызы.

Жиын барысында өңір басшысы облыстың ауыл шаруашылығы статистикасы басқармасының басшысы, статистика департаментінің өкілі Лариса Эмға «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады. Сонымен қатар, осы салаға еңбегі сіңген бірқатар сала маманына «Статистика үздігі» төсбелгісін табыстады.

Лариса Владимировна бұл салада абыройлы еңбек етіп келе жатқанына 30 жылдан асқан. Университетті тәмамдаған сәттен статистика саласына қадам басып, күні бүгінге дейін жемісті еңбек етіп келеді. Еңбек жолын қарапайым сала маманынан бастап, басқарма басшысына дейін көтерілген. Бүгінде өз ісінің маманы, әрі білікті маман.

— Өңірде ауыл шаруашылығы басқармасына жүктелген міндеттің салмағы орасан. Себебі, ауыл шаруашылығы өңір үшін маңдайалды салалардың бірі. Ал, осы тұрғыда сол саланың мамандарының әр жұмыс күні статистикамен байланысты. Жалпы алғанда, бұл саладағы жұ-

мыстардың негізгі бөлігі — статистика мамандарының иығында. Бұл салада жеңіл іс жоқ. Төзімділікті, терең білім мен жоғары біліктілікті талап етеді. Ең бастысы — жауапкершілік. Себебі, әр істің өзіне тән күрделілігі, өзіне тән салмағы болады. Бүгінде сала қызметкерлері — өз ісінің нағыз майталмандары. Осындай кәсіби мамандарымыздың арқасында ортақ ісіміз алға басаду, — деді ол.

Бұдан кейін департамент басшысы бірқатар сала маманына «Статистика үздігі» төсбелгісін табыстады. Атап айтсақ, облыстың ауыл шаруашылығы статистикасы басқармасының бас маманы Ирина Дамм, Нұра ауданы статистикасы басқармасының бас маманы Виктория Белякова, департаменттің респонденттермен және әкімшілік дереккөздерімен жұмыс жүргізуді бақылау басқармасының жетекші маманы Валентина Авязова, Саран қаласының статистика басқармасының басшысы Акерке Алдажұманова сала үздігі атанды.

Сонымен қатар, салада табанды еңбек еткен бірқатар қызметкерлердің еңбегі бағаланып, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, АМАНАТ партиясы қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының Алғыс хаты да табысталды. Бұдан бөлек, Ұлттық статистика бюросының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты да өз иелерін тапты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қаржыгерлерге құрмет



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісі облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Айгүл Есентаеваға, Шет ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Маркеш Жонкинаға, Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының облыстық бюджеттің атқарылуы бойынша есептілік бөлімінің басшысы Гүлбаршын Мизамбаеваға берілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі «Экономика саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы Бакыт Дүйсекина, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы Әсел Сәтбекова марапатталды.

Қазақстан Республикасының жоғары

аудиторлық палатасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласының құрметті қызметкері» төсбелгісі «Ақ-аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары Серік Раймжановқа табысталды.

Қаржы саласының 17 қызметкері облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, жеті қызметкері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Марапаттардан соң облыстық мәслихаттың төрғасы Нұркен Кобжанов та мамандарды кәсіби мерекемен құттықтады.

— Қаржы жүйесімен мәслихат депутаттары өте тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарады. Әрдайым сіздердің еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз. Баршаңызға тек сәттілік, бақыт тілеймін! — деді Нұркен Кобжанов.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Ипотека игілігі

17 қарашадан бастап әскери қызметкерлерге арналған «Әскери баспана» және «Наурыз Әскери» тұрғын үй бағдарламаларына өтінім қабылдау басталады. Бағдарламаның бір ерекшелігі — алғашқы жарна міндетті емес. Қатысушылардың тізімін жұмыс орны жасақтап, банкке хат жібереді. Несие көлемі Алматы мен Астана қалалары үшін 36 млн теңге болса, басқа өңірлерде 30 млн теңге. Егер бастапқы жарнаға үй бағасының 20%-дан 50%-ға дейін қаржысын құйған жағдайда банк несие сомасын 80 миллион теңгеге дейін ұлғайтады.

Жаңа тұрғын үй сатып алуға арналған «Наурыз Әскери» және екінші деңгейлі нарықтан үй алуға арналған «Әскери баспана» бағдарламаларына Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, ІІМ, ТЖМ, Мемлекеттік күзет қызметі, әскери прокуратура және басқа да ведомстволардың қызметкерлері мен әскери қызметшілері қатысады.

Қатысушылардың тізімін жұмыс орны алдын ала жасақтайды. Тізім жасақталғаннан кейін банк бөлімшелеріне жүгіну қажет. Менеджер қатысушылардың тізімде бар-жоғын тексеріп барып, несие өтінімін қабылдайды.

«Наурыз Әскери» бағдарламасында несие мөлшерлемесі — 9 пайыз. Мұнда бастапқы жарнасыз да қатысуға болады. Егер бастапқы жарна 0-20 пайыз ара-

лығында болса, несие сомасының шегі Астана мен Алматы қалалары үшін — 36 миллион теңге болса, басқа өңірлер үшін — 30 миллион теңге.

«Наурыз Әскери» — «Наурыз» бағдарламасының бір бөлігі. Жаңа тұрғын үйді таңдау, брондау және сатып алу Vaspara Market порталында (otbasybank.kz) жүзеге асырылады.

Екінші деңгейлі тұрғын үй сатып алғысы келетіндер үшін «Әскери баспана» бағдарламасы іске қосылады. Мұнда несие мөлшерлемесі — 18 пайыз, бастапқы жарна — 20-50 пайыз, ал несие сомасының шегі — 50 миллион теңге. Үйді бағдарлама қатысушысы өзі таңдайды.

Өз тілшімізден

• БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

Ғалым мұрасына тағзым

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің заң факультетінде қазақ құқық ғылымының көрнекті өкілі, ғалым және мемлекет қайраткері Салық Зимановтың есімі берілген арнайы кабинет салтанатты түрде ашылды. Шара бас ғимараттың №1 дәрісханасында өтті. Сонымен қатар «Салық Зиманов — тұлға, ғалым, мемлекет қайраткері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға университет басшылығы, оқытушылар, студенттер және академиктің жақындары қатысты. Университет ректоры Нұрлан Орынбасарұлы Салық Зимановтың ел тарихындағы және құқық ғылымындағы айрықша орнын атап өтті. Оның айтуынша, Зиманов қазақ заң ғылымының дамуына ғана емес, Қарағанды Бөкетов университетіндегі заң факультетінің қалыптасуы мен өсуіне де зор үлес қосқан.

Академик Салық Зиманов — қазақ құқық ғылымының алғашқы докторы, заңгерлер арасынан шыққан тұңғыш академик, еліміздің құқықтық жүйесінің қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлға. Оның өмір жолы XX ғасырдың екінші жартысындағы саяси қайта құрулармен, репрессиялық саясатқа берілген тарихи

бағамен, 1980 жылдардағы реформалармен және тәуелсіз Қазақстанның алғашқы кезеңімен тығыз байланысты.

Дөңгелек үстелде Зимановтың құқықтық ойды дамытуға қосқан үлесі жан-жақты талқыланды.

Салтанатты рәсімнің маңызды сәті — кабинет лентасының қиылуы болды. Бұл құрмет профессор, заң ғылымдарының кандидаты Мұхтар Зимановқа, университет профессоры Бақытжан Жарылқасынұлына және профессор Найля Әмитоваға тапсырылды.

Жаңадан ашылған кабинетте Салық Зимановтың сирек кітаптары, ғылыми еңбектері, құжаттары мен тарихи фотосуреттері қойылып, арнайы экспозициялық бұрыш жасақталды. Бұл ғылыми орта болашақ заңгерлердің ізденіс



жұмыстарына серпін беретін тағзымдық алаңға айналмақ.

Салық Зимановтың ұлы Мұхтар Зиманов өз сөзінде әкесіне де-

ген ықыласын білдірді.

— Аудиториядан ерекше жылулық сезіндім. Естеліктерім қайта жаңғырып, әкем жанымда тұрғандай болды. Өзім химия саласының маманымын, ал, әйелім мен ұлым — заңгер. Сондықтан, бұл саланы оқу менен жақсы біледі, — деді ол.

Сондай-ақ, Зимановтың келіні Жанат Зиманова ғалымның ұлт мүддесін қорғаудағы қайсарлығын атап өтті.

— «Жақсы әке — балаға қырық жыл азық» дейді. Біз қазіргі жетістіктеріміз үшін Салық Зимановтың еңбегіне қарыздармыз. Ол — империяның пікірлеріне тайсалмай қарсы шығып, қазақ халқының намысын қорғаған тұлға. Мен келіні емес, шәкірті ретінде сөз алып тұрмын. Оның дәрістеріне қатысып, сабақ алғанмын. Зимановтың заң ғылымына қосқан үлесі орасан, — Жанар Зиманова.

Дәрісхананың ашылуы барысында ғалымның ғылыми мұрасы, дербес көзқарасы, құқықтық реформаларға қосқан үлесі және оның мемлекетшіл тұлға ретіндегі болмысы кеңінен талқыланды. Шараға онлайн форматта Қазақстан Республикасының Ұлттық

ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салахиден Сәбікенов пен академик, заң ғылымдарының докторы, профессор Майдан Сүлейменов қатысты. Олар Салық Зимановтың ғылым мен мемлекетке сіңірген еңбегін жоғары бағалап, оның құқықтық ойды дамытудағы, конституциялық реформаларды ғылыми негіздеудегі рөлін ерекше атады. Сондай-ақ, ғалымның мұрасы бүгінгі жас буын үшін үлкен мектеп екенін жеткізді.

Аудиторияның ашылуына орай ғалымның түпнұсқа суреті мен кітаптары университетке сыйға тартылды. Жиынға қатысушылар академиктің есімін университет қабырғасында жаңғырту — студенттер үшін үлгі әрі құқық саласындағы тарихи сабақтастықты сақтау жолындағы маңызды қадам екенін айтты.

Жаңадан ашылған кабинет енді студенттердің, жас зерттеушілердің және оқытушылардың ғылыми жұмыстарын жүргізуге арналған символдық әрі мазмұндық орталық болмақ.

Суретті түсірген автор

Дерек пен дәйек

• Төл теңге 1993 жылғы 15 қарашада айналымға енгізілді. Ұлт валютасының пайда болуы сол кездегі күрделі жағдаймен тікелей байланысты еді. Посткөенестік кеңістікті меңдеген гиперинфляция, рубльдің күнсыздануы және экономиканы тұрақтандыру қажеттілігінен туындады. Алғашқы ресми бағам – 1 теңге 500 рубльге теңестірілді.

• 1994-1995 жылдары инфляция деңгейі мыңдаған пайыздарға жетіп, алғашқы сериядағы банкноттарды жаңарту талап етілді. 1995 жылы Ұлттық банк бір жылдың ішінде 83 миллионнан астам банкнот басып шығарды. Сол кезден бастап теңге өзінің толыққанды ұлттық өндіріс циклін қалыптастырды.

• Монеталар 1992 жылы құрылып, Қазақстан теңге сарайында шығарылады. Өндіріс орны тек ұлттық валютаны ғана емес, елдің төлқұжаттары мен жеке куәліктерін де әзірлейтін стратегиялық маңызы бар нысанға айналды.

• 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап, теңге халықаралық стандарттарға сай қорғаныс элементтерімен толықтырылып, 2006 және 2011 жылдары «Бәйтерек» және «Қазақ Елі» бейнеленген жаңа сериялары жарыққа шықты.

• 2023 жыл теңге үшін ерекше кезең болды. Ұлттық валютаның 30 жылдығымен қатар, мүлде жаңа философиядағы «Сақ стиліндегі» банкноттар айналымға енгізілді. Бұл серияның идеясы көне сақ мәдениетін заманауи графикалық тілмен қайта жаңғыртуға негізделген. Алдыңғы беті тік форматта ұсынылып, онда «Өмір ағашы», ежелгі артефактілер, алтын киімді адамның бейнесінен алынған символдар көрініс тапса, артқы бет горизонтальды орналасып, Қазақстанның табиғи ландшафттары мен қорғаушы мәнге ие жануарлар бейнелері бедерленді.

• Жылдық инфляция деңгейі қазан айында 12,6 пайыз шамасында болса, базалық мөлшерлеме 16,5 пайыз деңгейінде сақталды. Ел экономикасының өсімі 2025 жылға 5,5-6,5 пайыз аралығында болжануда. Қолма-қол емес төлемдер көлемі ай сайын артып келеді: 2025 жылдың ақпанында оның көлемі 15,4 триллион теңгеге жетсе, мамырда 18,1 триллион теңгеге дейін өсті. Транзакциялар көлемі 1-1,3 миллиард шамасында болды.

• Төлтеңге – Қазақстан Республикасының саяси-экономикалық тәуелсіздігінің бастауы ғана емес, бүгінгі таңда жоғары технологиялық өндірісі бар, қорғаныс деңгейі әлемдік талаптарға сай, цифрлық жүйеге ықпалдаса алған заманауи валюталардың бірі қалпында танылды.

• 2023-2025 жылдар аралығында шығарылатын жаңа банкноттар сериясы «Saka» деп аталып, онда латын негізіндегі қазақ жазуы және жаңа дизайн қолданылады.

• БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Ғазиз Шегенов: Саналы шешім – сенімді қаржы

Бүгін – ұлттық мақтаныш пен экономикалық дербестіктің нақышты нышанына айналған Қазақстан Республикасының Ұлттық валюта күні. Төл теңгеміздің тарихы – ел тәуелсіздігімен тағдырлас, мемлекетіміздің қаржы жүйесінің қалыптасу жолындағы айрықша белес. Осы мерейлі күні біз Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қарағанды филиалының директоры Ғазиз Шегеновпен келелі сұхбат құрып, қаржы жүйесінің бүгінгі мен ертеңі, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жолдары және цифрлық дәуірдегі қауіпсіздік мәселелері жайында әңгімелесуді жөн санадық.

– Құрметті Ғазиз Бақытжанұлы, цифрлық технология дәуірінде алаяқтық жайттары ең өткір мәселелердің біріне айналуда. Бүгінде қаржылық қауіпсіздік мәселесі халық үшін қанша-лықты өзекті?

– Сауалыңыз орынды. Қаржылық қауіпсіздік бұқара халық үшін күнделікті негізде мән беретін мәселе екендігі даусыз. Күн сайын дейміз-ау, сәт сайын алаяқ атаулысы заманауи технологиялар мен әлеуметтік инженерия әдістерін қолдана отырып, алдаудың жаңа түрі мен тұзағын ойлап-тауып отырады. Ал, қаржылық сауаттылықты арттыру дәрісі алаяқтықты ажырата білуді үйретеді. Саналы қаражат басқарып, үйлестіруде сауатты шешім қабылдап, қаражатты тиімді үнемдеу мен инвестициялауға көмектеседі. Әсіресе, осы тақырып онлайн-банкінг пен мобильді қосымшаларды пайдаланатын адамдар саны үнемі өсіп келе жатқан сандық-қаржылық қызметтерін көрсету дәуірінде аса маңызды болып қалды. Қараша халық онлайн-алаықтарға тап болып, солармен салыстырғанда осал болып қалғаны қапысыз шындық.

– Жәнекей адамдарға осындай қатерлерден қорғануға не көмектеседі?

– Қаржылық сауаттылық алдымен алаяқтықтың алдын алуда және жеке қаржыны қорғауда маңызды рөл атқарады. Бұны тегінде қаржы тұрасындағы білім мен мағлұмат жиыптығы ғана емес, сонымен қатар, бар біліміңізді іс жүзінде қолдана білу, тап келерлік тәуекелдерді тапдау, қаржыңызды оңтайлы басқару, негізделген қаржылық шешімдер қабылдау және алаяқтардан қорғану қабілеті дер едік бір сөзбен. Адам бейтаныс тұлғаларға жеке және банктік деректерін хабарлауға болмайтындығын, әр сервис үшін күрделі және ерекше парольдерді (құпиясөздерін) қолдану әрі оларды үнемі өзгерту, өз құрылғыларын антивирус арқылы қорғау қажет екенін, онлайн төлемдер жүргізген кезде барынша абай болу керегін және жасасқан мәмілелердің қауіпсіздігіне назар аударудың маңызды екенін білгенде ғана олар қаржылық алаяқтықтан зардап шекпейтін болады.

– Бүгінгі күні қаржылық сауаттылықты арттыру үшін қандай қадамдар жасалуда?

– Қазақстан Республикасында қаржылық сауаттылық біртіндеп артып келеді. Алайда, несиелер мен алаяқтық мәселелері әрқашан өзекті болып қала бермек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес, Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігі және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығымен бірлесіп, мектептер мен кол-

ледждер педагогтерінің экономика негіздері жөнінде қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржы мәдениетін оқу үдерісіне интеграциялау және оқушылар мен студенттердің өзіндік қаржыларына жауапкершіліктен қараудың практикалық дағдыларын қалыптастыру бойынша курстар циклын іске қосты. Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары базасында банк қызметкерлері мен «Өрлеу» БАҰО кәсіби жаттықтырушыларының басшылығында жоспарланған оқыту Ұлттық Банктің Қарағанды филиалында басталды. Жоба республика бойынша 10 мыңға дейін оқытушыны, оның ішінде, биыл 6 мың оқытушы және 2026 жылы 4 мың педагогті қамтиды. Қарағанды облысында жыл соңына дейін 289 мектеп пен колледж мұғалімдері, оның ішінде, 139 оқытушы мемлекеттік тілде, 150 оқытушы орыс тілінде оқытылады. Жаңа курс теория мен практиканы біріктіретін заманауи білім беру моделін ұсынады. Қатысушыларға бейнесабақтар, анимациялық материалдар, практикалық кейстер және т.б. ұсынылады. Бағдарлама цифрлық қаржы, инвестициялық мінез-құлық тақырыптарын және алаяқтық схемалардан қорғану әдістерін қамтиды. Облыс мектептері мен колледждердің оқытушылары оқушылар мен студенттерге ақшаны ұстау әдістерін ғана емес, алаяқтардан қалай қорғану керектігін де жақсы түсінуге көмектесетін пайдалы білім қорын алады.

– Алаяқтықтың қандай түрлері жиі кездеседі?

– Ең алдымен, қаскүнемдер азаматтарға қонырау шалып, әртүрлі сылтаулармен ақша аударуды, жеке деректерді, SMS-кодтарды сұрайтын, қосымшаны, зиянды сілтемелерді, жалған сайттар мен QR кодтарын жүктеуді өтінетін фишинг немесе телефон алаяқтығын айтар едік. «Дипфиктер», жасанды интеллект арқылы дауысты клондау, Ұлттық Банк, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің ресми бейне хабарламаларын пайдалана отырып, жалған бейнелер жасау сияқты жаңа технологиялар алаяқтықтың айла-шарғысын одан да мейірімсіз етеді. Қаскүнемдер YouTube, Instagram және TikTok атты әлеуметтік желілерінде жалған инвестициялық компаниялар туралы, Қазақстан Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы жоқ компаниялардың құндылықтарды инкассациялау қызметтері әрі заңсыз иемденіп алған ақша қаражаттарын қайтару бойынша тегін көмек көрсетуі туралы жалған жарнама жариялайды. Сонымен қатар, алаяқтар қауымы заманауи сандық технологияларды, әлеуметтік инженерия әдістерін егде жастағы азаматтарға қарсы қолдана отырып, оларды жаңылыстырады. Жиірек қорларын көбейтетін «тиімді» ұсыныстары бар деп өздерін зейнетақы қорының немесе сақтандыру компанияларының қызметкерлері ретінде таныстыра отырып,



құрбандыққа тап болған адамдарды асығыс әрекет жасауға мәжбүрлеу үшін психологиялық қысым мен айла-амал әдістерін қолданады.

– Алаяқтардың құрбаны болмас үшін азаматтар өзін қалай дұрыс ұстай білу керек?

– Алдымен азаматтар қырағылық танытуы, жеке деректерін қорғау, күмәнді шоттарға ақшалай қаражатын аудармау, тексерілмеген күдікті сілтемелер мен құжаттар арқылы өтпеу, күмәнді файлдарды жүктемеу, ғаламтор желісінде жеке және қаржылық ақпаратты жарияламау қажет. Онлайн сатып алулар кезінде абай болу, сайттардың сенімділігін тексеру және жакын адамдарыңыз шұғыл ақша аударуды сұраса, оларға әрқашан қайта қонырау шалу қажет. Алаяқтар көптеген жағдайда эмоционалды тұрғыда қысым жасайды. Сондықтан, асықпай, тоқтап, міндетті түрде бәрін мұқият тексеріп алған жөн болады. Егер сізге мемлекеттік органдардың немесе Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің атынан қонырау шалған болса, әңгімені үзіп, мүмкіндігінше мемлекеттік органның ресми нөмірі арқылы өз бетіңізше хабарласаныңыз абзал.

Дегенмен, алаяқтар сіздің деректеріңізді пайдаланып қалса, не істеген жөн?

Дереку қартаны бұғаттап, барлық аққаунттардың, оның ішінде, банктік қосымшалар мен электрондық пошталардың құпиясөздерін өзгерту қажет. Несие алу мүмкіндігіне қол жеткізуді шектеу мақсатында, атыңызға кредиттер мен шағын қарызды рәсімдеу мүмкіндігін бұғаттау үшін eGov.kz порталы арқылы «Стоп-кредит» қызметін іске қосыңыз. Тыйым мерзімсіз қосылады. Алайда, қажет болған жағдайда оны ашуға да болады. Сонымен қатар, банктік үзінді көшірмелерін тексеріп, шоттан ақшалай қаражатын шығарылуы анықталған жағдайда екінші деңгейдегі банкке арыз жазып, 102 нөмірі бойынша немесе qamqov.gov.kz порталы арқылы полицияға жүгіну керек. Сонымен бірге, ақауынтыңызды бұзып кіргені жөнінде мүмкіндігінше туыстарыңыз бен таныстарыңызды жедел ескертуді, олармен балама байланыс арналары (мысалы, телефон немесе басқа мессенджер) арқылы хабарласуды және сіздің атыңыздан кез келген хабарламалар алаяқтық болуы мүмкін екенін хабарлауды ұсынамыз.

– Біздің оқырман қауымына қандай келелі кеңес бере алар едіңіз?

– Бір сөзбен айтқанда, қаржылық сауаттылық – тосын алаяқтықтан, қарыз тұзақтарынан және жаппай елдің санасына бағытталған айла-амалдарынан ең жақсы қорғаныс деп сипаттаймыз. Заманауи ақпараттық өмірімізде қаржы туралы білім, сыни тұрғысынан ойлау және технологиялық сауаттылық қаржылық тұрақтылық пен қаржылық қорғанысқа қол жеткізудің маңызды құралы болып келеді. Осыған орай, қаржылық сауаттылықты сөзсіз арттыру қажет. Ол үшін жеке қаржыны басқару негіздерін оқып, жаңа алаяқтық схемалардан үнемі хабарлар болу тиіс. Ақша мен қаржылық тәуекелдері туралы неғұрлым көбірек білсеңіз, сізді алдау соғұрлым қиын бола түседі. Біліміңізге инвестиция жасау арқылы сіз өзіңіздің қаржылық қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етесіз. Кез келген ақпаратты тексеріңіз, жеңіл пайда туралы уәделерге сенбеңіз, артық қарыздан аулақ болыңыз және өнімдерін тандауда мұқият болыңыз. Күмән туындаған жағдайда кеңес алу үшін екінші деңгейдегі банктерге немесе құқық қорғау органдарына жүгінуді ұсынамыз. Ұзын сөздің қысқасы, Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлері аудио және бейнеқоныраулар арқылы хабарласпайтыны, қандай да бір инвестициялық қорлар мен қаржы өнімдеріне инвестициялар жасауды ұсынбайтыны, заңгерлік қызметтерін көрсетпейтіні, ақшалай қаражатын сақтандыруымен айналыспайтыны, сондай-ақ, халықпен ақшалай есеп айырысулар жүргізбейтіні жөнінде тағы да естеріңізге сала кеткім келеді.

– Сөз соңында айтарыңыз болса, мархаббат!

– Құрметті жерлестер, қадірлі әріптестер! Бүгін – еліміздің қаржылық тәуелсіздігінің символына айналған Ұлттық валюта күні. Яғни, ел тарихындағы ерекше белес, тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы экономикалық шешімдерінің бірі болған төл теңгенің айналымға енгізілген күні. 1993 жылдың қарашасында қос қолымызға алғаш тиген теңге – мемлекетіміздің егемендігін айқындаған нақты нышандардың бірі. Сол сәттен бері теңге еліміздің экономикалық даму жолында талай сын мен сынақтан өтіп, халық сенімінің, ұлттық тұрақтылық пен мемлекеттің қаржы жүйесінің берік тірегіне айналды. Теңгенің беріктігі – ел экономикасының қуаты мен халқымыздың еңбегінің нәтижесі. Осы айтулы күні қаржы саласының ардагерлері мен бүгінгі мамандарын, банк қызметкерлерін және ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген барлық азаматтарды шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің табанды еңбектеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз және ел алдындағы жауапкершіліктеріңіз ұлттық экономиканың дамуына, қаржы жүйесінің тұрақтылығына, халықтың сеніміне қызмет етуде. Әр шаңырақта ырыс пен береке орнасын, әр теңгенің есепті болсын! Еліміздің еңсесі биік, теңгеміздің қадірі арта берсін! Мерейлі мереке құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ
«Ortalyq Qazaqstan»

• ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік тірегі

Қазақстанның Тәуелсіздігімен қатар пайда болған ұлттық теңге – елдің ең маңызды рәміздерінің бірі, егемендіктің айғағы. Ұлттық валюта айналымға енген күн – 1993 жылдың 15 қарашасы бүгінгі ұрпақ үшін мемлекеттік тұрақтылықтың, қаржылық сенімнің және елдік рухтың символына айналды. Теңге сол сәттен бастап, ұлттық мақтанышқа айналды.

Салтанат ІЛНИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теңгенің экономикалық маңызы орасан. Ол елдің қаржы айналымын реттеп қана қоймай, халықтың сенімін қалыптастырды. Рубль аймағынан шыққан тұста Қазақстан ауыр кезеңді бастан өткерді, алайда, теңге енгізілгеннен кейін қаржы жүйесі біртіндеп тұрақтала бастады. Ұлттық банк ақша айналымын қадағалап, инфляцияны тежеу, нарықтағы тұрақтылықты сақтау, айырбас бағамын реттеу бағытында батыл саясат жүргізді. Содан бері теңге мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді.

Уақыт өте әлемнің қаржы нарығы түбегейлі өзгерді. Ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге электронды төлем жүйелері мен цифрлық банкінг өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Егер бұрын әрбір сауда келісімі қағаз ақшаман жүзеге асса, бүгінде бірнеше секунд ішінде ұялы телефон

арқылы ақша аударуға мүмкіндік бар. Осындай сәтте кейбіреулер «қағаз теңгенің дәуірі өтті» деп ойлауы мүмкін. Алайда, бұл қате пікір. Электронды ақша – сол теңгенің жаңа пішіні ғана. Оның форматы өзгергенімен, мәні мен маңызы сол күйінде қалды. Теңге – мемлекет экономикасының қаны іспетті, ол онлайн не офлайн болсын, елдің ішкі қаржы жүйесінің жүрегі.

Ұлттық Банк қазір «Цифрлы теңге» жобасын кезек-кезеңімен іске асыруда. Бұл бастама төлем қауіпсіздігін арттырып, көлеңкелі экономиканы азайтуға бағытталған. Цифрлы теңге қағаз ақшаны алмастырмайды, керісінше оны толықтырып, заманауи өмір талабына бейімдейді. Цифрлы валюта әлемдік қаржы жүйесінің болашағына айналуда, ал, Қазақстан бұл үрдістен қалыс қалған жоқ. Бұл – теңгенің тұрақтылығы мен өміршеңдігінің дәлелі.

Теңгенің ерекшелігі тек оның экономикалық қызметінде емес,



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

оның бейнесінде, эстетикалық қуатында жатыр. Әлем елдерінің валюталары – сол ұлттың мәдени бейнесі. Мәселен, АҚШ долларының беделі тарихының ұзақтығымен өлшенсе, жапон иенасы мен ағылшын фунтының күші – экономикалық дәстүрдің жалғасында. Ал біздің теңгенің ерекшелігі – ұлттық рух пен мәдениет үйлесімінде. Қазақтың

ою-өрнегі, алтын түстес бейнелер, мемлекет нышандары – бәрі теңгеді тоғысып, оны көрген жанға ел тарихын еске салады.

Теңге әлемдік сарапшылар тарапынан да жоғары бағаланған. 2011 жылы Қазақстан теңгесі дизайн және қорғаныс элементтері жағынан әлемдегі ең үздік банкноттардың қатарына енген. 2013 жылы Ұлттық банк шығарған 10 000 тең-

гелік купюра «Banknote of the Year» халықаралық байқауында бірінші орын алды. Бүгінгі теңге – әлемдік деңгейде мойындалған эстетикалық және технологиялық туынды. Ондағы түстер үйлесімі, көркемдік нақышы, ұлттық рәміздердің шебер берілуі – көрген көзге мақтаныш.

Көптеген елдерде ұлттық валютаға деген көзқарас – ұлттық сана деңгейінің көрсеткіші са-

налады. Мәселен, жапон халқы иенаны мемлекетінің сенім белгісі ретінде қадірлейді, швейцариялықтар франкіні ел беделінің айнасы деп санайды. Сол секілді теңге де біз үшін Отанның бейнесі, рухтың өлшемі болуы тиіс. Оған деген құрмет – елге деген құрметпен тең.

Қазіргі уақытта теңге тек төлем құралы ғана емес, ұлттық экономикадағы тұрақтылықтың, мемлекеттің мәдениетінің нышаны. Электронды дәуірдің келгені қағаз ақшаны жоймайды, керісінше, оның тарихи миссиясын тереңдете түседі. Қолымыздағы теңге – мемлекетке деген сенімнің символы, ал цифрлы теңге – сол сенімнің жаңа бейнесі. Екеуін де ұқыпты, құрметпен пайдалану – әрбір азаматтың парызы.

Теңге – елдің дербес шешім қабылдау құқығының, тәуелсіз экономикасының белгісі. Ол тек экономикалық емес, рухани құндылық. Әлемнің әр мемлекеті өз валютасын мақтаныш көреді, ал теңге – біздің елдік намысымыздың көрінісі. Бүгінгі буын теңгенің тарихын біліп, оның қадірін түсінсе, ертеңгі ұрпақ елдің экономикалық сенімін сол дәрежеде сақтап қалады.

Дала дәулетінің даңқы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінгі Қарағанды – импортқа тәуелді өңір емес, өз азығын өзі өндіретін, тіпті, сыртқа шығара алатын аймаққа айналды. Дала төсіндегі еңбек пен жаңашылдықтың тоғысуы облысты ауыл шаруашылығының жаңа белесіне шығарды. Қарағандының агросекторы енді тек өңірдің емес, елдің азықтүлік қауіпсіздігінің тірегіне айналып келеді.

Ауылдың алтын өрнегі

Атаулы сала қызметкерлерінің кәсіби мейрамын атап өту дәстүрі алғаш рет КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1988 жылғы қаулысымен белгіленіп, қараша айының үшінші жексенбісі ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күні ретінде аталып өтетін болған еді. Сол бір шешімнен бастап, күздің соңғы айы ауыл еңбеккерлерінің қажыр-қайратын еске алатын, салтанатты шағына айналды. Уақыт озды, заман өзгерді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз ел ретінде де 1998 жылы қарашаның үшінші жексенбісін заңнамалық деңгейде кәсіби мереке ретінде бекітті. Сайын дала төсінде дән сеуіп, жер ырысын еселеген қыр еңбеккерлеріне деген құрметтің айқын да айшықты көрінісі. Осы күнде әрбір комбайншы мен малшы, агроном мен механизатор, ауыл тіршілігінің қысы-жазы тыным таппас жандарын ел құрметпен еске алып, олардың маңдай терін мемлекет дамуының негізі деп бағалайды.

Салаға зер салсақ, ғасырлар бойы қаймана халқымыздың тіршілігі мен тұрмысының өзегіне айналып, бүгінде де ауыл еңбеккерлері ел ырысын еселеп, экономикамыздың қуатын арттырып отыр. Кең байтақ дала – табиғаттың өзі егін мен мал өсіруге лайықтап берген өрісті өлке. Егіншілік пен мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының қос қанаты. Құнарлы топырақ пен мол ылғал дәнді дақылдардан көп өнім алуға мүлтіксіз мүмкіндік береді. Әсіресе, әлемге танылған қазақстандық қатты бидай сорты

– ел мақтанышы. Онымен қатар, күнбағыс, зығыр, мақта секілді техникалық дақылдар да кеңінен өсіріледі. Дәнді дақылдар тек шаруаның табысын арттырып қана қоймай, өңдеу өнеркәсібінің дамуына да серпін береді.

Егін алқабы елдің несібесін арттырса, мал шаруашылығы – қазақтың ежелгі кәсібі. Төрт түлік малдың төлін өргізіп, сүтін сапырып, жүнін иіріп, етін ел ырысына айналдырған дала перзенттері – бүгінгі еңбектің шынайы иелері. Киіз туырлықты қазақ даласында мал шаруашылығы ғасырлар бойы тіршіліктің тірегі болып келеді. Бүгінде бұл сала еліміздің ауыл шаруашылығында айрықша орын алады. Ет, сүт, жүн өнімдерін өндіру бағытында жаңа технологиялар енгізіліп, фермерлік шаруашылықтар мен кооперативтер қарқынды дамып келеді. Қой шаруашылығы – талай ата кәсіптің жалғасы, түйе мен жылқы шаруашылығы – қазақтың кең даласымен біте қайнасқан өмір салтының көрінісі. Сарыарканың сайын даласында үйір-үйір жылқы жусап, желмен жарысқан сәйгіліктердің дүбірі естіледі. Шөл мен шөлейт аймақтарда төзімді түйелер, жайылым сайын қой мен сиыр өріп жүр. Әр түліктің өз орны, өз игілігі бар. Олар – ауыл тұрмысының тірі дәстүрі, ел экономикасының берік сүйеніші.

Бүгінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы алдында айқын да ауқымды міндеттер тұр. Ең бастысы – елдің ішкі нарығын сапалы әрі алуан түрлі өніммен толық қамтамасыз ету. Осы бағытта еліміздің диқандары мен шаруалары жердің ырысын еселеп, ел дәулетін арттыруға күн сайын өз үлесін қосуда. Дала төсінен жиналған әр өнім – тек еңбек жемісі ғана емес, елдің экономикалық қуатының айғағы. Сондықтан да, қазақстандық ауыл шаруашылығының стратегиялық мақсаты – ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілетті өнім ұсыну. Бүгінде экспорттық әлеуетті арттыру жолында жаңа өндірістер ашылып, өңдеу саласы жаңаша серпін алуда.

Берекелі күз, мерекелі ел

Сонымен қатар, ауыл – тек еңбек мекені емес, елдің рухани тірегі. Мемлекет жүзеге асырып отырған ауылды дамыту жөніндегі бағдарламалар ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартып, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған. Жаңа жолдар, мектептер, мәдениет үйлері мен фельдшерлік пункттер – бәрі де ауыл өмірін түлетудің айғағы. Ауыл өркендесе, елдің еңсесі биіктейді. Десек дегеніміздей, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы – тек экономикалық сала емес, елдің болашағына жол салған сындарлы соқпақ.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілей отырып, мемлекет ауыл еңбеккерлерінің ел дамуына қосқан өлшеусіз үлесін айрықша атап өтті. Көрнекті күн – жердің ырысын еселеп, елдің несібесін арттырған жандардың мерейлі сәті. Қараша айының үшінші жексенбісі бүгінде бүкілхалықтық мерекеге айналды. Задында агроном мен бағбанның, комбайншы мен тракторшының, сауыншы мен шопанның, сондай-ақ, фермер мен ғалым-аграрийдің ортақ мейрамы. Еңбегі еленбеген бір де бір маман жоқ: егістіктен бастап, өңдеу зауытына дейін, қой қорадан зертханаға дейінгі бүкіл тізбек – осы адамдардың маңдай тері мен қажырлы еңбегінің мәйекті де дәйекті жемісі. Олардың арқасында дастарқанымыз толы, ел азығы мол. Әр тілім нанның артында диқанның табаны тиген топырақ, әр саптыақ сүттің артында сауыншының ертелі-кешкі еңбегі сіңді. Мәрт мереке – сол еңбекке тағзым, дала төсінде тер төккен әрбір жанға деген халықтың алғысы мен құрметінің көшелі көрінісі.

Аймағымыздың кең даласы мен шұрайлы жазығы – табиғаттың өзі сыйға тартқан құт мекен. Мұнда ауа райының ырысы мен жердің құнары дәнді дақылдың дөнегін түлетіп, картоп пен көкөністің бітік өсуіне о бастан қолайлы жағдай жаратқан. Жер сүмесін емген диқан да, малдың жайын білетін шаруа да осы табиғи

үйлесімнің игілігін көреді. Сол себепті де, Қарағанды бүгінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуде Қазақстанның алдыңғы шебіндегі өңірлердің бірі атанып отыр. Егістік алқаптарының құрылымын әртараптандыру – даланың тірнекті тіршілігінің тың тынысын ашқан сындарлы шешім болғаны жергілікті жұртқа аян. Бүгін сұранысқа ие дақылдардың көк жапырағы жайқалып, бидай алқаптары кеңейіп, майлы дақылдар мен картоп егісі де молайған. Көктемгі маңдай тер, жазғы күйбең еңбек бүгінде күзгі ырысқа ұласуда.

Ауыл еңбеккерлерінің қажырымен келген ырыс – облыстың аграрлық қуатын айқындап-ақ тұр. Бүгінде аграрлық сектордың жалпы өнімінің жартысына жуығын мал шаруашылығы құрайды. Қора-қоспасы толып, өріске шыққан төрт түліктің саны жыл сайын артпаса, кеміген жоқ-ты. Мал басының өсуі мен өндіріс көлемінің ұлғаюы өңдеу саласына да салуалы серпін берді. Құс еті мен балық, өңделген сүт пен кілегей, түрлі сүт тағамдары мен макарон, кеспе және ұн өнімдері, төрт пен кондитерлік бұйымдар, мұның барлығы да тұтынушы сұранысына сай молынан өндіріле бастады. Сонымен қатар, облыстың әр өңірінде әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларына бағаның негізсіз шарықтауына жол бермеу мақсатында жәрмеңкелер өткізіліп келеді. Шаруалар өз өнімдерін нарықтағы бағадан төмен бағамен ұсынуда. Игі дәстүр – тұрғындарға қолжетімді өнім, ал ауыл еңбеккеріне адал табыс әкеліп отырған жарқын мысал.

Тізгін ірқу

Күздің соңғы айы. Түзде елу еңкейіп, еңбек еткен қыр баласының қамды қарекеті ел игілігіне айналып үлгерген. Қамба біткен астыққа толып, ұн тартатын диірмен дөңгелегінде тыным жоқ. Қазақстан Республикасы биыл да өз халқын нанмен, ұнмен толық қамтамасыз етуге өбден қауқарлы. Осы жайлы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері мәлімдеді. Ауыл шаруашылығы саласының өкілдері атап өткендей, елімізде ұн тарту өндірісі жылдан-жылға жаңарып, дәуірлеп келеді. Заманауи технологиялар кеңінен енгізіліп, диірмендер мен элеваторлардың қуаты қарыштап артқан. Қарапайым халық үшін ең бастысы – нан бағасының тұрақтылығы. Осы ретте мемлекет тарапынан қолдау тетіктері сақталған: астық қоры жеткілікті, әлеуметтік маңызы бар өнімдерге субсидия беру жалғасуда.

Құрең күздің мезіретті мезегі ауыл үнін, маңдай тердің марапатын әйгілетін шаһар шақ. Кең дала сауыры қуанышка кенелген. Қамба астыққа, көңіл ризашылыққа толы. Олай болса, қол қусырғысыз құрмет пен тәжімді тағзым – еңбек адамына сөзсіз тиесілі екендігі шүбәсіз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ЫРЫС

Алқаптан ақ дастарқанға дейін

Қараша айында күрең күзгі күннің нұрына малынған сары алтын алқап біткен әлі де жұмбақ жылуын сақтап тұрғандай. Сол ұшы-қиыры жоқ кең далала тұрсаңыз болғаны, сай-саланы кезген жел ғасырлар бойғы диқандар әңгімесін сыбырлағандай әсер қалдырады. Соңғы жиын-терім амалдары. Қауырт тірліктің белортасында жүрген тәжірибелі диқан Айдар Кенжетеев: «Біздің жер – жомарт, бірақ талғампаз. Ертеңгі күнімізді ғана емес, келер жылымызды да екі қайтара ойлайтын әдет таптық», – дейді.



Сурет ЖИ

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның сырлы сөзі өңірде болып жатқан үлкен өзгерістің мәнін ашып тұрғандай. Облыс биыл ата дәстүрін сақтап қана қоймай, алқаптарды әртараптандыру арқылы аймақтың азықтүлік қауіпсіздігін нығайтып келеді. Осы жылы Қазақстанда жиналған 27,1 миллион тонна астық – ел тарихындағы ең жоғары көрсеткіштің бірінен. Сол межеге орталық аймақтың қосқан салымы да сүбелі. Республика бойынша 16,5 млн тонна бидай мен 3,8 млн тонна арпаның таразы басында өңірдің де үлесі зор. Алайда, басқы жетістік – әртараптандыру. Майлы дақылдарға бөлінген алқап көлемі 78 мың гектарға дейін өсіп, екі еселенген. Оның ішінде негізгі орын – зығыр мен күнбағысқа тиесілі. Күнбағыс 14 мың гектарды құрайды.

– Өлбетте, бәсеке үшін емес, қажеттілік үшін жасалған қадам. Дәнді дақылдар мен майлы дақылдарды алмастырып отыру топырақты қалпына келтіреді, ал мемлекеттен берілетін субсидия бізді ынталандырады, – дейді Айдар мырза қуанышын жасырмай.

Шынында да, қолдау бар. Өндеуге тапсырылған әр тонна күнбағысқа – 25 мың теңге, ал, зығырға 5800 теңге субсидия беріледі. Өңірдегі май өндер зауыттар тәулігіне 60 тоннаға дейін өнім қабылдайды. Демек, күнбағыс, зығыр, соя майын шығару арқылы импортқа тәуелділікті едәуір азайтып, «алқаптан дастарқанға дейінгі» тізбек қалыптастырамыз. Көзімізге түскен күнбағыс шашақтары аймақ агро-кешенінің келісті келбетіне рен қосып тұр. Өңірдің вегетациялық кезеңі 190-195 күнге созылады, ал, мұндай климат майлы дақылдардың өсіп-өнуіне қолайлы. Табиғи тыңайтқышқа сүйенетін органикалық егіншілік те нәтижелі: гектарынан 1,07 тоннадан астам

болған. Соңғы жылдары мұндағы шаруа қожалықтары органикалық егіншілікке бет бұра бастады. Соңғы төрт жылда химиялық тыңайтқышқа тәуелділікті күрт азайтыпты. Оның орнына табиғи органикалық қоспалар өңделген көң, биогумус, микро-биологиялық тыңайтқыштар қолданылады. Сарапшылардың айтуынша, органикалық егіншіліктің артықшылықтары көп. Топырақ құнарын ұзақ сақтайды, өнім сапасы табиғи әрі экспортқа жарамды, жердің эрозияға ұшырауын тежейді әрі климат өзгерісіне төзімділікті арттырады. Бұл жақтың ауа райы да органика үшін қолайлы: жел көп болғанымен, зиянкес аз, күз бен көктем қалыпты, топырағы таза. Өлемдік стандарттарға сай органикалық өнім шығару үшін бұл өңірдің әлеуеті зор. Бұрын тыңайтқышсыз көтерілмейтін алқаптар қазір өз қуатын қайта тауып жатыр. Мұндай әдістің арқасында гектарынан алынатын түсім соңғы маусымда 1,07 тоннадан асып отыр. Майлы дақылдар да бұған жақсы бейімделген: зығыр мен күнбағыс топырақ қалпына келгенде жақсы өнім береді.

Осылайша қазыналы Қарағандыда өндіріс пен дала тіршілігі егіз ұғым болып кеткелі қашан. Ыждаһатпен зер салсақ, туған жердің құтты қойнауы өнім де береді, мол мүмкіндіктер де жаратады. Ия, аңғарғанымыздай уақыт ағысы өзгергенімен, қара жерге деген құрмет, несібеге деген адалдық өзгермеген. Сол қалпы. Алаңсыз еңбек пен адал маңдай тердің арқасында өңірдің өнегесі зорая түсіп, ертеңі «Қамданған елдің қазынасы кемімес, еңбегін аямаған халықтың ырысы үзілмес» дейтіндей. Ал, шулай тербелген алтын масақтар сол сөзді растап тұрғандай.

МҰРАТ

Қыран мінезді, бұлақ мейірлі

Шежірелі Шеттің сәмиян төсінде бір ғана саналы тұлғаның қажырының арқасында мұндағы тіршілік тіні қайта түрленіп келеді. Ақсу-Аюлы ауылының фермері, табиғат жанашыры Тілеуқабыл Есенбекұлы үшін бір сүйем жердің өзі нәпақа көзі емес, есіл ғұмырының мәні мен мұраты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол үшін әр бұлақ – тіршіліктің тамыры, әр дән – елдің болашағы. Бүгін бүл есім Шет өңіріне ғана емес, берісі облыс, әрісі респуб-

ликаға үлгі қалыбында танылған. Осыдан тура 35 жыл бұрын ол Шет ауданы фермерлер ассоциациясын құрып, өңірдің шаруашылық әлеуетін жаңғыртуды мақсат еткен еді. – Жерді қорғау – ұлтты қорғау. Егер әркім өзіне тиесілі бір

бұлақты күтіп сақтаса, дала мәңгі жасайды, – дейді ол келте қайырып, сабырмен.

Осы бір селкеусіз сенімнің күшімен Тілеуқабыл аға биыл да БҰҰ Даму бағдарламасы мен Ғаламдық экологиялық қордың арнаулы грантына қол жеткізіп, ірі экокөжаба бастаған. Түп нәтижесінде сайын даланың 40-тан астам табиғи бастауы қайта жанданды. Әр су бастауы қамқорлық әрекетімен бетон мен таспен қоршалып, суы арнайы құбырлар арқылы ағып тұр. Тың тәсіл жыл сайын шамамен 9460 тонна суды үнемдеуге мүлтіксіз мүмкіндік береді. Дәлірегі 170 бас малды қамтамасыз етуге еркін жетеді. Бұлақтар арнасын сақтап, аялау арқылы ол жердің құрғақшылық пен шөлденуге қарсы күрестің нақты да айшықты үлгісін күштеп келеді.

Кейінгі екі жылдық катал құрғақшылықтан кейін Тілеуқабыл Есенбекұлының бастамасымен фермерлер 30 гектар люцерна мен 200 гектар көпжылдық шөп (пырей, суданка) егіп шыққанын. Су – өздері қалпына келтірген бұлақтардан және Саққалбай



Суреттер info.org сайынан

облыстың су тапшылығына таптырмас шешім шыққаны. Тілеуқабыл Есенбекұлы – ел мен жердің жанашыры. Оның есіл еңбегі – туған далаға деген сүйіспеншіліктің айғағы, ұрпаққа ұлағат.

– Біздің бабалар қыранымен аң алып та, сол табиғатты аялай да білген. Сондай рух бізге де жұғысты. Жерге мейіріммен қарасаңыз, тіршілік тіні де сізді асырайды, – дейді ол.

Бүгінде Ақсу-Аюлы атырабын-

да бұлақ біткен қайта сылдырап, жас шөптің иісі әнқиды. Бір адамның қарекетінен басталған үзілмес үміт талайды таңырқатты. Осындай мәнді мысалдар ауылдың да, елдің де еңсесін көтеріп, жастарға «өз еліне адал еңбек етсең, жер арқасы да, бәріне төреші уақыт та сені қолдайды» деген берік сенім ұялатады.

Суреттерді түсірген
Ирис МАМБУР,
Мадина КАКИМЖАНОВА

• МЕРЕЙ

Теректінің Гүлсімі

(Очерк)

«Біз орта мектепті бітірер қарсанда кенестік республикамызда «Ауылда тұрады екенсің, техниканы меңгер!», «Қазақстанда қой басын 50 миллионға жеткізейік!» саясаты ұрандалып, күллі мектептер жанынан ашылған оқу комбинаттары жастарды механизатор, шофер, малшы кәсібінің теория-практикасынан жеделдете өткізіп, жұмысшы мамандықтарына бейімделі де, бірқатар түлек өмірдің жаңа белесін ауылда бастамаққа бел бұды», – деп өрбіткен әңгімесін 70 жасты жеңіп, ғұмырының жетпіс бірінші айналымына кірген «Құрмет белгісі» орденді ардагер Гүлсім Сағатова сәл кідіріп алып, одан әрі жалғастырды...

Ол жылдары әр ауданның орталығындағы кәсіптік-техникалық училищелер де мектепте оқығысы келмей, «шапшаң есеюді» аңсайтын жасөспірімдерге есігін айқара ашатын. Талабы барларды зооветеринар-маман етіп шығаратын Қарқаралы техникумы да іргемізде ғой. «Өнерді үйрен де жиреміз де ғой. «Өнерді үйрен де жиреміз» демекші, автотехника сырын, малдәрігерлік құпияларын туған үйден ұзамастан үйреніп алып, қарағайдай диплом мен куәлік алып шығу неге жаман болсын?! Содан ауылдың гүлі – сол жастар ойнап-күліп жүріп, туған шаруашылықтың экономикасын көтерісті. Сөйтіп жүріп, ел басшылығының көкейіндегі стратегиялық мақсаттың орындалуына қартая бастаған «малшы, сушы, егінші, емші...» дегендей, жұмысшы кадрларын жасартуға үлес қосып жүргенін аңдаған да емес-ау!..

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мерекесі күні қарсаңындағы сұхбатымыздың кейіпкері – бұрынғы Егіндібұлақ ауданы Теректі ауылының 1954 жылғы тумасы Гүлсім Сағатова 1971 жылы орта мектеп жанындағы оқу комбинатынан ауыл шаруашылығы техникасын басқаруды, шоферлық курстан автомобиль басқаруды меңгеріп алған соң Алматыға жоғары білім алу сапарына аттанғанша тракторымен егістік баптасып, жаздай жемшөп жинасса, сары күзде отандық агротехника мақтанышы «Нивамен» астық орып, кей жылдары автомобилімен дән тасып, қара күзде қыстақтарға жемшөп жеткізді. Қысқы жол жабылған айларда шалғай отбасыларға азықтүлік, почта, кітапханамен қатар, сұранысты керек-жарағын да қоса жеткізді.

Тынымсыз да тындырымды қызметі лайықты бағаланған 1976 жылы мемлекеттік жоғары награда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, есімі «1-Майдың» механизатор аруы Нұрбақытпен қатар ардақталған Гүлсім жалынды жылдар естелігін аққұба жүзі бал-бұл жана әңгімелейді. Гүлсіміміз сөзге де шешен кісі. Бірде шалғай аудандағы орденді қыз туралы очерк жазу сәті аудандық партконференцияға дөп келгеніне қуанған тілші жігіт жиналысқа жемшөп тасып жүрген жерінен жедел жеткізілген қызды үзіліс кезінде жолықтырып, дайындаған сауалдарын жаудырмай ма?! Сонда әлгімен әдеппен сәлемдесіп, нигегіне рақмет айтқан қыз: «Ауыл механизаторы туралы шындап жазғыңыз келсе, комбинезон киіп, «Беларуска» отырып, оның тіркемесіне тиелген шөппен қыстаққа беттеніз де, орта жолда арқанның босап кеткенін сезісімен, кабинадан қарғып түскен бойы арқанды шірене тартып, бастырманы қаттырақ байлап көріңіз. Сонда блокнотыңыздан емес, жүрегіңізден шыққан очерк жазасыз!» деп салады. (Тілші Жұмахан Сарыбаев та тегін жан емес екен, Гүлсім туралы очеркінде қыздың сөзін сол қалпы келтіргенін портфолиода сақтала-сақтала сарғыш тартқан газеттен оқып, әріптесімнің мәрттігіне риза болдым).

Журналисті шымыр сөзімен қайран қылған, қазақ жазушыларының бұрынғы-соңғы кітаптарының бір-екеуі, «Жұлдыз» бастатқан журналдар жанында жүретін Г.Сағатованың көкейіне Зарқын ағасындай қаламгер, өзі орден алған күні шабытта жазған поэмасы аудандық газеттен бастап, «Лениншіл жас» газетіне дейін шыққан «Сауғабаевтай ақын болсам» деген арман да ұялаған болатын. 1977 жылы Алматыдағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне түскен

жалғыз орденді студент те Гүлсім ару еді: кең профильді механизатор студентті курстың кураторы кілең жігіттерден тұратын группаның старостасы сайлайды. Ал, Қазақ Республикасы Отан қамбасына миллиард пұт астық құятын 1980 жылдың алтын күзінде сол Г.Сағатова ректордың рұқсатын алады да, орақ практикасына жіберілмекші мехфак студенттерімен бірге Қостанай облысындағы ораққа қатысып, бітік егінді шашау шығармай жинап алу науқанының бел ортасынан көрінеді. Бүкілодақтық Комсомол комитетінің «Алтын төсбелгісін» Гүлсім қыз сол тарихи науқан кезіндегі жоғары еңбек өнімділігі үшін алған болатын.

Институт мақтанышы Г.Сағатова сөйтіп 1982 жылы туған еліне ғалым-агроном мамандығын әйгілейтін дипломмен қоса, Алматы Жоғары партия мектебінің «Ауыл шаруашылығына саяси-партиялық басшылық» бөлімінің сырттай тыңдаушысы санатындағы ілім-білімімен емтихан тапсырып, идеология қызметкерінің қызыл дипломын да қалтаға басып оралады. Туған кентіне жеткен Г.Сағатованы ККП Егіндібұлақ аудандық комитеті бірден нұсқаушылық қызметке алады да, практикада ысылған кадр есебінде 1986-98 жылдары «Қаратау» кеңшарында партком хатшысы, одан соң өз

өндірісті аймақтың мен білмейтін жер-суы мен ой-шұңқыры жоқ шығар, тегі, – дейді Гүлсім. – Маусымнан бастап, жаз бойы Бұлақадыр мен Қызылшілікте қып-қызыл бүлдіргені қоса қырқылған жұпарлы шабындыққа шалғы салатынбыз... Шөптікөлде егін егістім, Айырда жал-жал мая тұрғыздым... Бригада құрамында жаз бойы егістік баптасып, күзде сүдігер аударысып, қыста қар тоқтатып, басшылықтан тығыз тапсырма түскен күндері жол қатынасы жабылған қыстақтарға азықтүлік пен жем жеткізетінмін. Сондайда, жол үстінде қиналған кездерде, техника теориясынан дәріс беріп, «МТЗ», «Т-40», «Беларус» тракторларының сырын ұқтырған, алып «Ниваның» күрделі операцияларын зерделеткен орденді бригадир Сатыпалды Қонақбаевтың, өзімді шоферлыққа шыңдаған Мұхамедия Жүнісов ағаның (біздің ауылда туып-өскен Қазақстанның Халық әртісі Мақпал Жүнісованың әкесі еді, иманды болғыр) ақыл-кеңестерін есіме түсіретінмін.

– Қыз бала үшін қиындығы көп кәсіпке неліктен құмарттғын екен, Гүлсім?

– Айтылмаған сыр еді бұл: маған өмір сыйлаған әке қыршын жасында кезіккен жазатайымда мерт болып кеткенде, шарасыз анам мені Сағат нағашымның тәрбиесіне берген екен. Ағайын-



600 гектар нормасын 700-800-ге жеткізе игеретіні кейбір бойкүйеіз жігіттерге өнеге етілген кезі де болыпты. Жер өңдеушілердің облыстық, республикалық конкурстарына да аудан активі Гүлсімді жібереді екен. Өмірінің жетпіс белесін артқа салған еңбек ардагерінің портфолиосында тігулі «...ауыл шаруашылығы экономикасын көтеруге қосқан елеулі үлесі үшін...» мәтіндес Алғыс хаттары мен грамота, дипломдары, костюмінің қос өңірін толтырған төсбелгілері ондап саналады.

– Үкіметіміз ауыл өндірісін өрістету мақсатымен шетелден қолайлы техника алдырып жатыр, жаңа мен бұрынғының айырмашылығы қандай, Гүлекесі?

– Бүгінгі мен бұрынғыны салыстыруға келмейді: осыдан бірер жыл бұрын жаңа заманның жас механизаторлары слетіне ардагер ретінде шақырылғаным бар. Сонда шетелдік техниканың артықшылығын байқау үшін Канада шығарған «Джон Дир» комбайнының штурвалын басқарып көргенімде, жаным сүйсінді: бәрі – автоматика, түймесін бассаң болды, жеп-жеңіл қозғалысқа түседі. Кабинадағы таблодан атқарған жұмысыңның күллі ақпары: қанша жерге дән сепкенің, қанша алқаптан қанша өнім жинағаның, қанша жаңар-жағармай жұмсағаның тайға таңба басқандай көрініп тұрады.

– Әлемдік агротехникаға бейімделіп, цифрландыру мен жасанды жадыны жат көрмейтін бүгінгі ауыл механизаторы қандай болмақ?

– Біріншіден, біздің кезіміздегі нәтижелер бүгінгіге өлшем емес: әр кәсіпкер өз меншігіндегі азын-аулақ жерінің әр гектарын жаңаша агротехнологиямен өңдеп дән сіңіреді. Сөйтіп жұмсаған шығынын өтейтін мол өнім алуға, онысын тиімді бағамен өткізуге немесе айыр-бастауға тырысады. Әзірше ондайлар біздің елімізде саусақпен санарлық қой, жер аумағы да шамалы, қаншама егістіктер бос қалды... Иманды болғыр Хакім Зәкішевтің білім-қажырымен орнаған суармалы алқап механизациясын «қайта құру» жылдары қиратып-құрттық та, соның қажеттігін енді аңдап, қайта «тірілтелі» жатырмыз... Агроөнеркәсіпті қауырт дамыту үшін инвестицияны осы салаға мольнан төгу, баяғы колхоздасу сияқты кооперациялану керегін ел ағасы да, жаңаша оқыл келген жас министрлеріміз де айтып-ақ жатыр. Ал, өзім бажайлаған бір ақиқат: бүгінгі ауыл механизаторын лайықты жалақы ғана қы-

зықтыра алмақ. Кәсіп көзін таба алмай, қаланы сағалап жүргендерді ауылға солай ғана қайтарасыз.

Өмір-шіркінде «әттеген-ай!..» дегізетін жәйттер аз емес: құнарлы жайылымында төрт түлігі асыр салып, «республикадағы қой өсірудің фабрикасы» атанған Егіндібұлақтай аудан 1998 жылы астанамыздан түскен Жарлықтың «...таратылсын» деген бір ауыз пәрменімен жабылып қалғанда, азаматтық жолын қарапайым еңбектен бастап, жоғары оқуды да, кеңестік саясаттың оңды да оңсыз сырын Алматының өзінде зерделеген, ауылдың жетекші органдарын басқарған, Егіндібұлақ кәсіптік-техникалық училищесінде дәріс беруге атсалысқан Гүлсім Сағатовадай менеджер оймен өткен түндер мен күндерден соң бір Құдайға сыйынып алып, «Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу» бөлімшесінің директоры болды. Сонда алдымен ауыл үлкендерінің өтінішін орындап, сонау ашаршылық жылдары опат болғандар мүрдесі жерленген «Бала-бейіт» қорымын шеберханасында әзірленген металл шарбақпен қоршайды. Сол бетімен сөйтіп, жұрт Балқантау баурайындағы жұртшылықтың қажетін шығарған шеберханасын он жылдай жүргізеді. Гүлсім Сағатованың «Бизнес-леди» марапатымен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 10 жыл» медалімен, тұңғыш президенттің «Алғыс хатымен», меценаттық істері үшін «Қаздауысты Қазыбек би – 350» төсбелгісімен (2017 ж.) құрметтелгені осы кезең болатын.

Алайда, 90-шы жылдары басталып, жаңа ғасырдың алғашқы он жылына дейін созылған «ескі заңдар жойылған, жаңа заңдар жұмыс істемеген» жылдарғы талан-тараж бен жұмыссыздық он жыл бойы жұртқа қайтарымыз (қарызға) қызмет көрсеткен шеберхананың жабылып тынуына себеп болады да, қарекетсіз отырып көрмеген бесасап Сағатова 2011-2013 жылдары Нұрқазған кенішінде механик бола жүріп, зейнеткерлік жасына жетеді. Бұған да тәуба айтқан қыз нағашыларынан көрген тәрбиесімен, әулеттің ендігі үлкені ретінде Сағат ата әулетінен өрбіген сіңілі, бауырларын қалаға бастап, 90-жылдары шахталары жабылған Майқұдықтан үй-жай әпереді, өндіріске жұмысқа тұрғызады.

Ал, содан соң жүрек түпкірінде жылдар бойы аялаған қиялына

қанат бітіріп, жазушы-қаламгер болып кетпесе де, ата-бабалар мекені, туған елі Егіндібұлақтың түрлі кезеңде хатқа түскен тарихын, Сарыарқаның даңқын асырған, Отан қорғаған, ел басқарған, халық ағартқан абзал жандар туралы зерттеулер мен мұрағаттық мәліметтерді, әргінде-бөртінде баспасөзде жарияланып, ұмытылған мақала, шежіре, естеліктерді жинап, бастыруды қолға алады. Сөйтіп, «Әлкиса» жинағына егіндібұлақтық журналистердің «Ленин туы» газетіндегі әртүрлі публикацияларын, сол тұстағы басшылардың мақала-сөздерін, жергілікті ақындардың шумақтарын енгізіп, өзімізге ұсынғанында, еңбек жолымыздың шежіресін жасаған Гүлсімді жаңа қырынан танығанымыз бар. Содан кейінгі «Ата-баба, ел-жер тарихы» атты жинағына ауыл үлкендерінің аузынан шығып, қағазға түскен публикацияларды, жер-су атауларын енгізген. Еңбеккер бике ҰОС Жеңісіне 70 жыл толар қарсаңында жергілікті архив пен мұражайдан мәліметтер жинап жүріп, «Мың тағзым, Сізге, майдангер!» атауымен майданда жаумен шайқасып, елге жеңіспен оралған ағалар туралы мәліметтер мен фотосуреттер жинағын шығарды. Кітап шығарудың екінші бірі ескере бермейтін осынау тәсілімен Гүлсім Сағатова белгілі отбасылармен, селолық округ әкімшіліктерімен хабарласу нәтижесінде өңірдің ежелгі отбасылары, шаруашылық тарихы, әр ауылдан шыққан майдангерлер туралы әртінгі-кейінгі жарияланымдар топтастырылған жинағын баспадан сұраныстық тиражбен шығарып берді. Қазіргі заманғы креативтік өнер дегеніміздің өзі осы ғой! Былтырлары Гүлсімнің ыждағатымен ауылдың еңбеккер адамдары туралы жазылған газеттік материалдар негізінде «Гибратты ғұмыр», «Намыстың отына өртеніп» аталған тағы екі жинағы баспадан шығып, сұраныс бойынша сатылып та кетті.

Бағалай білген кісіге осының бәрі – көзмайын тауысар тірнектенген жұмыс емес пе?! Қаншама отбасының кейінгі ұрпақтары ата-анасы туралы кезінде баспасөзге шыққанымен, келешекке сақталмаған мақала-материалдарды Гүлсімнің жинақтарынан оқып, үлкендердің гибратымен танысты, ата-тегін түгендесті.

Бұл шақта ауылдан қалаға өзі бастап әкелген бауырлары да өз жолдарын таба бастаған еді. Әңгімеміздің соңын соларға қарай ойыстырсақ, Ризат сіңілісі өзіне лайық жар тауып, екі жастың жарастығынан өмірге келген сәбиімен Гүлсімді «әже» атандырды да қойды. Осы жиеніне мейірімін төгіп, мектеп жасына жеткізіп берген Гүлсім-бике қазір Қарағандының жаңа Майқұдық ауданынан қолайлы дизайнмен тұрғызылған биік үйден пәтер алған немере бауыры Ержан мен оның мұғалім келіншегі Нұрайымнан көрген немерелерін бағысып жүріп, бір мезет жаңа жинақтарына негіз болатын қағаздарын қаузап отыруға да уақыт табады. Көгілдір экраннан әр жаңалығы детективтей естілетін әлем тынысын тыңдай отырып, жасындағы өзі секілді қыз балалардың қазақ елінде кенжелеп қалған спорт түрлерінен – суға жүзуден, семсерлесу, садақ ату, жұдырықтасудан ел намысын қорғап, әлемдік өлшемдерді игере бастағанына қуанады.

Сол жасындай жарқылдап құздан құділап, көкке қайта шарықтаған қазақ аруларының бойындағы ер-азаматтай қайраттылық, жаратқандай қайырымдылық, күндей мейірімділік бір кездері Гүлсімнің де бойында мол болатын. Қажыр-қайрат азайғанымен, сол баяғы мінез – өле-өлгенше азаматтық позициядан айнымау салты орнында сияқты.

Назипа АСҚАР, журналистика ардагері

Суреттер автордан

«Қалауын тапса, қар жанар»

Көшедегі коқыс контейнерінің жанындағы пластик бөтелкелерді жинайтын торлы жәшіктің тұрғанына көзіміз үйренгелі қашан?! Жалпы, жиналған қалдықтардан қандай өнім жасалатыны көпшілікке беймәлім. Осы мақсатта Қарағандыда тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, оларды қайта өңдейтін зауыттың жұмыс істеп тұрғанын бірі білсе, бірі біле бермейді екен. Бүгінде сол зауыттың, яғни, «Вторсырьё Караганда» ЖШС-ның жұмыс істеп келе жатқанына да 10 жылдан асты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын зауыт үлкен мүмкіндіктер алааны

Аталған зауыттың аумағы – 3 мың шаршы метр. Мұнда бес өндірістік нысан орналасқан. Зауыттың жұмыс ауқымы өте кең. Картон мен макулатура, пластик бөтелкелер мен түрлі пластик бұйымдар, алюминий банкалар сынды қайта өңделетін материалдардың барлық түрі қабылданып, сұрыпталады екен. Осындай ірі мекемеде қазіргі уақытта 100-ге жуық адам жұмыс істейді.

Бүгінде облыстағы әр қала мен ауданда екі-екіден қабылдау пункті жұмыс жасап тұр. Осы пункттер арқылы күніне 1500 тоннаға дейін картон, 200 тоннадан астам пластик және өзге де тұрмыстық қалдық түрлері жиналады. 50 тоннаға жуық алюминий банкалар да бар. Жиналған барлық қалдықтар кейін «Вторсырьё Караганда» зауытына жеткізіліп, осы жерде толыққанды қайта өңдеу процесінен өтеді.

– Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы қуатты. Қазірдің өзінде 1,5 тонна жүк көлететін 15 «Газель» көлігі, 2 қран-манипуляторы және 5 тонналық коқыс тасымалдаушы арнайы техника бар. Бұдан бөлек, зауыт қосымша жүк көліктерін жалға алып отыр. Негізінен, қалдықтарды тиіп, Алматыға жөнелту



осы жалдамалы көліктер арқылы жүзеге асырылады, – деді «Вторсырьё Караганда» ЖШС басшысы Айдын Қабдиев.

ЕCO Network жобасының жетекшісі Евгений Мұхаммеджанов – осы жобаның негізін қалаушылардың бірі. Яғни, қалдықтарды қайта өңдеп, әрі сұрыптау мақсатында «Экохаб», «Жасыл кеңсе», «Жасыл мектеп» бағыты бойынша жоспарын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұсынған болатын. Сол уақытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экомәдениетті дәріптеудің тиімді тетігі ретінде жаппай таратуға лайық тәжірибе екенін атап өтіп, қолдау білдірген. Бүгінде бұл жоба өңірімізде кеңінен қанат жаюда.

– Бұған дейін коқыс қалдықтарын сұрыптамай, лақтырып жіберетінбіз. Шыны керек, коқыс көрсек, мұрнымыз-

ды тыжыртатынбыз. Қазір олай емес. Сол қалдықтарды кәдеге жаратып, қайта өңдеп жатырмыз. Керісінше, қазір «Біз де осындай зауыт бар» деп мақтанатын деңгейге жеттік. Сөздің шыны керек, бұл жобаға Ресей елі де үлкен қызығушылық танытып отыр. Зауытты бірден тұрғызбадық. Бұл жерде қаншама адамның жылдан еңбегі жатыр. Демеуші іздеп, жоба ұсындық. Мұның өзі үлкен жұмыс. Сондай еңбек адамдарына барынша көмектесіп, қолдау білдіруіміз қажет.

Бүгінде жастардан қоқысты шашса да, оны іріктеп қоюды сұраймыз. Әрі оны осы зауытқа алып кел демейміз. Қаланың әр басында қабылдау пункттерін қойдық. Сонда жинап-теріп алып келсе болғаны. Тазалық – өзімізден басталады, – деді Евгений Мұхаммеджанов.

Процестерді бақылау – диспетчердің қызметі

Сөз басында бес бірдей өндірістік нысанның барын айттық қой. Соның біреуі – қабылдау пункті. Мұнда кез келген кәсіпорын немесе жеке тұлға жинаған қалдықтарын өздері алып келіп өткізеді. Әуелі, осындағы маман тұрғындардың әкелінген шикізатын сұрыптап, таразыға қояды. Кейін бекітілген кестеге сәйкес келісіне, тоннасына қарай қолма-қол ақшасын санап береді.

Бота Ақжүнісованың осы зауытта жұмыс істеп келе жатқанына үш жылдан асыпты. Өзі мұнда – диспетчер. Түскен қоңырауларға жауап беріп, тапсырыс қабылдайды. Қоңыраулар арқылы базадағы көліктерді тиісті жерге жөнелтіп отырады. Оның сөзіне сүйенсек, бір жүк көлігі күніне төрт рейс жасауы керек көрінеді.

– Жұмыс күні бізден, яғни, диспетчердің қызметінен басталады. Мысалы, бүгінгі рейске 10 көлік шыкса, сол көліктің бағыты бойынша өтінім қағазын толтырамын. Бір жерден сатып алсақ, енді бір жерден алып кетеміз. Солардың бәрін орындау – менің құзыретімдегі жұмыс. Мәселен, мына газель қаланың оңтүстік-шығыс бөлігіне бет алды делік. Әуелі диспетчерден талон алып, көрсетілген бағыт бойынша барады. Әр көлікке gps құрылғысы орнатылған. Яғни, біз көліктің қай нүктеге барғанын, ол жерде қанша уақыт тұрып, қанша келі жүк тиегеніне дейін сол құрылғы арқылы бақылап отырамыз, – деді Бота Төлегенқызы.

Жалпы, зауыт жекеменшік және түрлі мемлекеттік мекемелермен келісімге отырған. Солардың кейбіріне ақшаны шот арқылы аударады екен. Шот арқылы аударған мекемелерден көлік жүргізушілері қалдықтарды тек тиіп алып кетеді. Ақшасы кейін аударылады.

– Кейбір мекемелерге ақшаны қолма-қол санап береді. Көлік борты толмайынша жүргізушілер базаға келмейді. Мысалы, бір нүктеден жарты газель қалдық тиелуі мүмкін. Сондықтан, шопыр бізге ескертеді. Ал, біз екінші нүктеге бағыттаймыз. Сол нүктеден көлікті толтырып барып қана базаға әкеліп түсіреді. Базаға келген көліктерді күтіп алып, қалдықтың



салмағын өлшеп қағазға түсіреміз. Осы процес күнделікті қайталана береді. Ал, базаға түскен қалдықтарды ішіндегі жұмыскерлер қаттап-шоттап, Алматыға жібереді. Алматыға күніне Қарағандыдан төрт жүк көлігі жолға шығады. Әр көлікке 20 тонна жүк тиеледі, – деді Бота Ақжүнісова.

Надежда Смернова Қарағандыдағы Әлихан көшесінің бойында орналасқан қабылдау пунктінде жеті жылдан бері еңбек етуде. Бұл жерде ол жалғыз қызмет атқарады екен. Демалыс алатын күндері ауысымға басқа қызметкер келіп, уақытша алмастыратын көрінеді.

– Ай сайын тоннаға жуық қалдық жинаймын. Көбінесе алюминий банкалар мен пластик бөтелкелер әкеледі. Күнделікті жиналған қалдықтарды газельге тиіп, зауытқа жеткіземіз. Қаланың орталығында орналасқандықтан қалдықтарын тапсыруға келетіндердің қарасы қалың. Әр адам кем дегенде екі келіден көп қалдық әкеледі. Тапсырушылар қалдықтарын әкелген кезде мен оларды сұрыптап, таразыға саламын. Әрі әр түрін бөлек жинаймын. Дегенмен, бізде тұрақты клиенттеріміз бар. Олар заттарын өздері алдын ала сұрыптап әкеледі, – дейді Надежда Анатольевна.

Бүгінде бұл зауыттан брусчатка, дөңгелек үстелдердің беті, көріз құдықтарының қақпақтары мен саябаққа арналған орындықтар және басқа да түрлі бұйымдар шығарылуда. Өндіріс орнында мамандар жеткілікті. Жұмысын ұқыпты әрі жүйелі атқаруда. Ал, өнімдерге деген сұраныс күн өткен сайын артып келеді.

Қалдықтарды кәдеге жаратып, оларды ел игілігіне қайта ұсыну – кәсіпорын қызметінің басты бағыты. Экономикалық тиімділік пен табиғатты қорғау мәселесін ұштастыра білген ұжымның еңбегі бүгінде өңірдің дамуына сүбелі үлесін қосып келеді. Алдағы уақытта зауыт басшылығы өндіріс көлемін ұлғайтып, жұмыс күшін арттыруды көздеп отыр.

Суреттерді түсірген автор

• БРИФИНГ

Аймақ экономикасында өсім бар

Қарағандының қақ төрінде кәсіп пен өндіріс дірменің оң бұрап, өрісін өрітп жүргендер қатары қалындап, өңірдің экономикалық әлеуетін алға сүйреп келеді. Аймақтық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифинг барысы осының айғағы болды. Орталық облыстағы кәсіпкерлік пен өнеркәсіптің соңғы он айындағы көшелі көрсеткіштері турасында микрофон алдына облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Әлібек Молдакәрімов келіп мәлімдеді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің бас мақсатымыз – өндіріс көлемін тұрақты негізде арттырып, инвестицияны сапалы деңгейде аймаққа тарта білу және өңір кәсіпорындарына қажетті білікті кадр даярлау, – деді Әлібек Рысбайұлы сөзінің бас шенінде.

Спикер сөзінің қазыналы Қарағандының өндіріс өрісі кеңейіп келеді. Қазір өңірде 979 өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істеп тұр. Биылғы өндірілген өнім көлемі 4,3 триллион теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 6,3 пайызға артқан. Оның тең жарымы қара металлургияның өнішінде. Өңір экономикасының тірегі саналатын өндіріс саласында 120 инвестициялық жоба жүзеге асып келеді. Зер салсақ, жалпы құны – 4,5 трлн теңге. Сәйкесінше, су жаңа 20 мың жұмыс орны ашылмақ. Биылдың өзінде 25 жаңа өндіріс іске қосылған. Олардың қатарында ыстық мырыштау зауыты, теледидар мен кір жуғыш машина шығаратын кәсіпорын, сондай-ақ, металл кремнийі мен болат прокатын өндіретін дербес желілер бар.

Жыл соңына дейін алюминий радиаторларын шығару ісі жолға қойылып, қуаты 150 МВт жел электр станциясы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Өндірісті өлке тынысы бүгінде бір ғана металлургиямен шектелмесеі әмбеге аян. Машина жасау, пластмасса мен резеңке бұйымдарын өндіру, тұрмыстық техника құрастыру – экономиканың бағаналы бағыттарын айқындап отыр. Осы жылы 1914 тарта автобус, 233 мың дана тұрмыстық техника, 5 мыңға жуық автокөлік шинасы шығарылған. Инвесторға мейлінше жайлы орта қалыптастыру – құзырлы мекемелердің ұстынды ұстанымдарының бірінен. Аймақта инвестор тарабымен тікелей жұмыс істейтін «бір терезе» қағида-ты бойынша қызмет көрсететін орталық жұмыс істейді. Әр жетелі жобаға жеке ку-

ратор бекітіліп, кез келген мәселе жедел шешімін табады.

Ғылым мен өндірістің өзара ықпалдастығы да назардан тыс қалмаған. Аймақта ғылым және технология жөніндегі кеңес құрылып, инновациялық жобаларға барынша қолдау көрсетіледі. Өңірде ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға 16,3 млрд теңге қарастырылды. Экспортқа шығарылған ғылыми өнімнің жалпы құны 124 млрд теңгеден асып жығылды. Кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау да нақты әрі жүйелі. Мәселен, 196 млрд теңгеге 91 жоба, жеңілдетілген несие бағдарламасы аясында 10,7 млрд теңгеге 96 жоба, ал, «Даму» қорының кепілдігімен 11 млрд теңгеге 73 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде облыстағы белсенді шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 102 мыңға жетті.

Қапталдаса қарсы отырған журналистер сауалына жауап берген Әлібек Молдакәрімов бюджет қаржысының мақсатты жұмсалыуына тұрақты бақылау жүргізілетінін айтты.

– Барлық рәсім ашық. Байқаулар мен нәтижелер ресми сайтта мерзімде жарияланады. Біз кәсіпкерлер, инвесторлармен ынтымақтастық ашықтық форматында жұмыс істеуге мүдделіміз, – деді спикер мырза. Сонымен қатар, спикер энергошығыны көп кәсіпорындарға электр энергиясы тарифін төмендету жөнінде ұсыныс Үкімет тарабына жолданғанын қоса мәлімдеді. Кешенді шара өндірістік шығынды кеміте-азайтып, өңір өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталмақ ниетте.

Байсалды брифингтен кейінгі әсер көшелі көрсеткіштер мен нақты істердің үйлесімін көрудің он сезіміне ұласқандай болған. Себебі, аңдалған ақпарат жалаң сан емес-ті. Шынұайтында, ел еңсесін тіктерлік ілкімді игілік көрінісі.

Әскер – ел қорғаны

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі азаматтардың өмірінің барлық саласын қамтиды. Соның ішінде қорғаныс саласындағы қызметтер – ерекше маңызға ие бағыттардың бірі. Әскерге шақырту науқаны кезінде көптеген азаматтар өз құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінде толық ақпаратқа ие бола бермейді. Осыған байланысты, әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату рәсімдері туралы мәлімет беру қоғам үшін өзекті.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, елді қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Дегенмен, заңнама белгілі бір жағдайларда азаматтарға әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босатылу мүмкіндігін қарастырады. Бұл рәсімдер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мақсатында жүзеге асырылады және тиісті мемлекеттік қызметтер арқылы көрсетіледі.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 31-бабына сәйкес «Әскерге шақыртуды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметі 18 жасан 27 жасқа дейінгі, әскери қызметке шақырылуға жататын ер азаматтарға көрсетіледі.

Әскерге шақыртуды кейінге қалдыру некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтарға, денсаулық жағдайына байланысты уақытша жарамсыз деп танылған жағдайда (медициналық комиссия шешімі бойынша), күндізгі оқу нысанындағы жоғары немесе орта оқу орындарында білім алып жүрген студенттерге, отбасы жағдайына байланысты (мысалы, асырауында басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік қамсыздандыруда болмайтын отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, өзінің асырауында аянасыз тәрбиелеп отырған баласы (балалары) бар азаматтарға, ата-анасының қайтыс болуына немесе олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе сот бас бостандығынан айыруға соттауына байланысты кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында болған адамдар бар азаматтарға), қызметтік қажеттілік (мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінде айқындалған айрықша ұйымдарда жұмыс істейтін азаматтарға) негіздері бойынша көрсетіледі.

Қызмет «eGov.kz» электрондық үкімет порталы арқылы көрсетіледі.

Қажетті құжаттар тізіміне мемлекеттік қызметті алуға өтініш және негізді растай-



тын құжаттар (медициналық анықтама, оқу орнынан анықтама, және т.б. жағдайларды растаушы құжаттар) кіреді. Қызмет 6 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Сонымен қатар, «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметі де «eGov.kz» электрондық үкімет порталы арқылы көрсетіледі.

Әскери қызметке шақырудан босату мемлекеттік қызметі денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтарға, заңды негіздер, жиырма жеті жасқа толуы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмағандарға, туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңілілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалғандарға, басқа мемлекетте әскери (баламалары) қызмет өткергендерге, «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 51-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткергендерге, ғылыми дәрежесі барларға, тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлеріне және т.б. негіздер бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінде азаматқа әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытындысы немесе әскери қызметке шақырудан босату туралы қорытындысы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.



Электрондық форматта қызмет алу мүмкіндігі кезек күтуді және қағазбастылықты азайтып, ашықтықты және рәсімдердің айқындығын қамтамасыз етеді.

Әскерге шақыртуды кейінге қалдыру және одан босату – азаматтардың заңды құқығы. Бұл мемлекеттік қызметтер жастардың оқуын жалғастыруына, отбасылық жағдайын реттеуіне немесе денсаулығын қалпына келтіруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар цифрлық форматта көрсетілуі арқылы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырады.

Құрметті қызмет алушы, егер Сіз мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде артық құжаттар талап ету, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу, негізсіз бас тарту немесе тағы басқа заң бұзғышылықтарға жол берілгеніне куә болсаңыз, департаментке келесі мекенжай бойынша жүгіну арқылы бұзылған құқықтарыңызды қалпына келтіре аласыз.

Біздің мекенжайы: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39. Байланыс нөмерлері: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83 кенес нөмірі.

Ақбөпе ЖАНСАРБАЕВА,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің көрсетілетін мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕЙТОЙ

Таңғажайып тағдыр әуені

Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында танымал композитор, акын, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі – Людмила Мельникованың 70 жас мерейтойына арналған академиялық музыка концерті өтті. Концерт Қарағанды қаласы әкімдігінің мәдениет бөлімі қолдауымен ұйымдастырылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мелодия судьбы» – «Өмір мен махаббат әуені» атты концерт бағдарламасында композитордың жарқын да әуезді авторлық шығармалары, аспаптық сюиталары Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары академиялық оркестрі (дирижері – Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бактыгерей), Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің «Кең Дала» хоры (хормейстері – Бибігүл Сұлтанғазина), сондай-ақ, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері мен музыканттарының орындауында ұсынылды.

Людмила Мельникованың музыкалық кеші екі бөлімнен тұрды. Біріншісі – эстрадалық және академиялық. Концерт барысында Мейрамгүл Кәріпжанова мен К.Станиславский атындағы орыс



драма театрының актері және режиссері Андрей Марычеваның орындауында автордың жүрекке әсер ететін өлендері де оқылды.

Сахнада Светлана Бойко «Весна» ариясын орындады. Сәбит Бексейітовтің сөзіне жазылған «Табиғат падишасы» шығармасын Сапан Фархат шырқады. Ергазы

Жазықбаевтың сөзіне жазылған «Көктемде» әнін тыңдарманға Гүлдана Мақпонова жеткізді. Филармония солисті Арайлым Жүкенова мен Ершат Қонақбаев Ғалым Мұқашевтың сөзіне жазылған «Қарағанды» әнін де әуелетті. Людмила Мельникованың Сапан Фархат шырқады. Ергазы

мой», «Қош келдің, көктем!» атты романтикалық романс, әндерін автордың өзі және музыкалық комедия театрының солисті Денис Кудряшов орындады. Аспаптық музыка сүйер қауым үшін ішекті, үрмелі дуэттер мен трио, пианист Әлия Байырстанова өнер көрсетті.

Сурет автордан

• ТУРНИР

Алатаудан Арқаға жүлдемен оралды

Алматыда «Auyl Sport – 2025» атты республикалық турнир өтті. Қарағанды облысынан бұл додаға алты спортшы барды. Турнирге еліміздің түпкір-түпкіріндегі ауылдардан іріктелген 1700-ге жуық бала қатысқан. Әр өңірден іріктеліп келген кіл мықтылардың арасында Батухан Ысқақ бокстан жүлделі ІІІ орын алды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Батухан Ысқақ – Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылдық округіндегі мектеп оқушысы. Аудандық, облыстық жарыстарда топ жарып жүрген талантты боксшы.

– Осындай беделді турнирде жүлде алғаным өте қуаныштымын! Жарыста жүлдеден бөлек тәжірибе маңызды. Жан-жақтан келген мықты спортшылардың өнерін тамашалап, олармен жұдырықтасу – кез келген боксшының деңгейін өсіреді. Бапкерім Серғазы Кенжебергенұлына шын жүректен алғысымды білдіремін! Алдағы уақытта бұдан да маңызды, ауқымды додаларда топ жаруға тырысамын, – деді Батухан Ысқақ.

Ауылдағы жасөспірімдер мен балалар ғана бабы мен бағын сынайтын айтулы дода осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. 7 спорт түрі қамтылған. Былтырғысына Қарағанды облысының құрамасы қатыспапты.

Бұл турнирге бару үшін әр облыста іріктеу жарыстары өтіпті.

Қарағанды облысының іріктеу жарысында Бұқар жырау ауданының – 5, Қарқаралы ауданының 1 спортшысы чемпион болып, жолдама алған. Батухан Ысқақтың бапкері Серғазы Кенжебергенұлы турнир өте жоғары деңгейде өткенін айтты.

– Еліміздің Оңтүстік өңірінде балалар спорты дамыған. Өйткені, ауылдарда, аудан орталықтарында заман талабына сай жасалған спорт кешендері, спорт үйірмелері өте көп. Дегенмен, Қарағанды облысы бірінші рет қатысып отырғанын ескеру керек. Ауылды жерде жаттығып жүріп, осындай деңгейдегі додаға барып өнер көрсету мектеп оқушысы үшін оңай емес. Алматыда балаларды жақсы қонақ үйге жайғастырып, дәмді ас беріп, автобуспен тасымалдады. Мұндай құрметті көрген ауыл баласы дәл осындай додаға барып, өз мықтылығын дәлелдеу үшін жігерін жанитыны сөзсіз, – деді Серғазы Кенжебергенұлы.

Сурет жүлдегердің мұрағатынан

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Тұлпар» тұлпар болмай тұр

Қарағандылық «Тұлпар» шағын футбол клубы футболдан ел чемпионатында турнирлік кестеде VII сатыға түсіп қалды. Өткен жолы жерлестер алматылық «Қайратқа», бұл жолы өз алаңында «Семейге» қарсы кездесуде жеңілді. Жерлестер қос ойын қорытындысы бойынша қарсыластарына 1:4 және 2:4 есебімен есе жіберді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, шағын футболдың королі – алматылық «Қайрат» екені даусыз. Бірнеше жыл ел біріншілігінде тағынан түскен жоқ. Одан қала берді чемпиондар лигасында да керемет өнер көрсетіп жүр. Бірақ, 2023-2024 жылғы маусымда «Семей» клубы алматылықтарды басып озып, ел чемпиондары атанған болатын. Быыл да семейліктердің қарқыны қатты. Сырт алаңда «Тұлпарды»



жеңіп, турнир кестесінде ұпай айырмашылығымен көш басына шықты.

Биылдыққа «Тұлпар» мен «Семей» төрт мәрте кездескен. Оның төртеуінде де қарсыластар

• ФУТБОЛ

Бапкерлікке кім лайық?

Бүгінде қарағандылық «Шахтер» футбол клубында үлкен өзгерістер болып жатыр. Күні кеше клубтың бас бапкері Александр Кузнецовты орнынан босатқан еді. Енді сол орынға жана бапкер қарастырылуда. Клубтың баспасөз қызметінің мәлімдеуінше сол орынға басты үміткер ретінде қазақстандық маман, спорт шебері Дмитрий Огайды қарастыруда.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өздеріңізге белгілі, «Шахтёр» келер маусымды да Бірінші лигада өткізеді. Дегенмен, клуб басшылығы жаңа бас бапкерге алдағы маусымда Премьер-лигаға жолдама жеңіп алу міндетін қойып отыр.

Жалпы, Дмитрий Огай кәсіби мансабын Жамбылдық «Химик» клубынан бастаған. Содан кейін алматылық «Қайрат», ташкенттік «Пахтакор» және тағы да басқа командаларда өнер көрсеткен. «Қайратта» ойнап жүргенде Премьер-лига ойындарында көзге түсіп, жанкүйерлер жадында қалған. Одан бөлек, 1990-1992 жылдары «Шахтер» сапында да өнер көрсеткен. Сол жылдары



кеншілер жейдесінде 98 матч өткізіп, жеті гол салыпты. Одан бөлек, екі маусым Германияның кәсіби клубтарының бірінде де доп теуіп, тәжірибе жинаған.

Кейін спорттық мансабын аяқтаған соң бапкерлік еңбек жолын бастайды. Атап айтсақ, павлодарлық «Ертіс» клубында бапкерлік қызмет атқарған кезеңінде 2002 және 2003 жылдары Қазақстан чемпионы атағын екі рет жеңіп алды. 2007 жылы қостанайлық «Тобыл» командасымен Қазақстан Кубогын қанжығасына байлады.

Айта кетейік, Дмитрий Огай «Шахтёр» клубының бас бапкерлігіне басты үміткерлердің бірі ғана. Бұл лауазымға ресми тағайындалуы немесе тағайындалмауы желтоқсан айының басында өтетін баспасөз конференциясында мәлім болады.

Сурет ҚФФ

есебімен жеңілді.

Ал, қарымта ойында жанкүйерлер «есе қайтарады» деп күткенді. Десе дегендей-ақ, қарағандылықтар бұл жолы сәтті өнер көрсетті. Жерлестер алғашқы айналымды 0:1 есебімен түйіндеген болатын. Екінші айналымда есеп 2:3 болып аяқталады. Алаң иелері екі гол салып, есеп алшақтығын қысқартқанымен, қарсыластарды басып оза алмады.

Осылайша жерлестер төрт ойын қатарынан ұпай жоғалтып, турнирлік кестеде төмен түсіп қалды. Қазіргі уақытта «Семей» 33 ұпаймен көш басына шықты. Ал, алматылық «Қайрат» 29 ұпаймен ІІ орынға тұрақтаса, үздік үштіктің қатарында рудныйлық «Аят» шағын футбол командасы.

Чемпионаттың плей-офф кезеңіне алғашқы сегіз команда өтеді. Ал, жерлестер жетінші сатыда. Одан кейінгі сатыда оралдық «Бөйтерей» командасы тұр. Бірақ, олардың әлі ойналмаған екі ойыны бар. Егер олар сол екі ойында жеңіске жетсе, жерлестер төмен түседі. Қысқасын айтқанда, жерлестер қауіпті аймақта.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жігердің жарқын үлгісі

Күні кеше елордада оқушылар арасында республикалық «Тең мүмкіндіктер» спорт фестивалі өткен болатын. Сол жарысқа өңір атынан 36 оқушы қатысып, бір алтын, бір күміс және бір қола жүлдемен оралды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл фестиваль «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында, Әйелдер қанаты бастамасымен Оқу-ағарту министрілігі қолдауымен ұйымдастырылған. Биылғы бәсекеге еліміздің түпкір-түпкірінен 500-ден астам спортшы қатысыпты. Оның 153-і – ерекше қажет-

тілігі бар балалар. Фестиваль бағдарламасына бочча ойыны, жеңіл атлетика және эстафета жарысы енгізілген. Сайыстың шарты бойынша әр команда үш адамнан жасақталады. Бірақ, әр топтың құрамында ерекше қажеттіліктері бар бір бала болуы шарты қойылған.

– Мұндай іс-шаралардың басты мақсаты – балалардың қоғамға бейімделуіне жағдай жа-

сау. Қазір өңірімізде бочча спорты белсенді дамып келеді. Балалар осы бағыттағы жарыстарға екінші жыл қатарынан қатысуда. Көпшілігі өзара жақсы араласып, достасып кетті. Бұл үрдіс тек балалардың ғана емес, ата-аналардың да бір-бірімен байланысын нығайтады. Мұның бәрі олардың психоэмоционалдық жағдайына және денсаулығына оң әсерін тигізеді, – дейді «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім берудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы басшысының орынбасары Асхат Какетаев.

Жерлестер бұл жолы аянып

қалған жоқ. Жеңіл атлетикадан қыздар арасындағы бәсекеде жерлестер кара үзіп, алтыннан алқа тақты. Сонымен қатар, бочча спорты бойынша ІІ және ІІІ орынды иеленіп, медаль санын еселеді.

– Біз ерекше балалардың әлеуметтенуіне, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға бағытталған жобаларды қолдауды жалғастырамыз. Жуырда ғана «Жұлдызай» шығармашылық фестивалі аяқталды. Онда да біздің тәрбиеленушілер өз дарынын таныта білді, – деп атап өтті Асхат Какетаев.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJKBZKX БИН 000840001412

Тарапымы 3 495

№126 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН**